



*Астана қаласының мәдени мұрасы*  
*Культурное наследие города Астаны*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ / РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ



№2 (14) / 2015  
ақпан/февраль

# ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ БІР БЕЛЕСІ



*Был қазактың 50 фильмінің  
мерейтойлары аталып өтеді.*



ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЕҢІСІНІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАУ

**Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік  
академиялық қазақ музыкалық драма  
театрында жаңа премьера**

## **«ТЫРАУЛАП ҮШҚАН ТЫРНАЛАР»**

**лирикалық драмасы**



## Құрылтайшы:

### Ү.Д.Мұңалбаева

Қазақстан Ұлттық Комитеті Халықаралық  
Мұражайлар Одағы ИКОМ Қазақстан Президенті

## Редакция алқасы:

### Б.Б.Мажағұлов

Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы

### Ә.Ү.Тарази

Қазақстанның халық жазушысы,  
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

### Ә.К.Кекілбаев

Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты

### Н.Т.Айт

С. Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану  
мұражайының директоры

### А.Р.Умиршина

Астана қаласы Тәуелсіздік сарайының директоры

### Б.Г.Аяған

Астана қаласы тарих институтының директоры

### А.Ш.Нұразхан

Алтын және бағалы металдары мемлекеттік  
мұражайының директоры

### Ә.Е.Өтегенова

ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі бас-хатшысы

### Б.Ж.Жүнісбеков

Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм  
құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай  
кешенінің директоры

### Б.К.Оразымбетова

ҚР Мәдени қайраткері, экскурсиялық бюроның  
ғылыми-әдістемелік жөніндегі басшысы

### Д.Е. Маханова

Халықаралық Мұражайлар Одағы ИКОМ  
Қазақстан Ұлттық Комитетінің жетекшісі

**Бас редактор:** Әсем Сағиқызы

**Бас редактордың орынбасары:**

Гүлжәмила Сәрсенбайқызы

**Тілшілер:** Татьяна Казанцева, Жәмила

Сәрсенбай, Диляра Сейдахметова, Азамат

Тлепов, Зылиха Салих, Сезім Жүсіпқызы, Аслан

Есен, Әсем Сағидолла

**Дизайнер:** Ертай Өсерхан

**Фотограф:** Ерсайын Болат

**Корректорлар:** Баян Жақсылықова, Айымхан

Зұлпыхарова, Нұрай Ерланқызы

## Выходные данные журнала:

Республиканский научно-познавательный журнал  
«**Астана қаласының мәдени мұрасы**»  
«Культурное наследие города Астаны»

**Выпуск № 2 (14) /2015 г.**

Издается с марта 2014 года

**Периодичность:** один раз в месяц

Журнал выпускается при содействии Министерства  
культуры и спорта РК, Управления культуры акимата  
города Астаны.

**Учредитель и издатель**

ГККП «Этно-мемориальный комплекс

«Карта Казахстана «Атамекен»

**Почтовый адрес редакции:**

010000, Астана,

Кургальджинское шоссе, 2/1

тел.: +7 (7172) 24-31-72

e-mail:madeni\_mura\_jurnal@mail.ru

**Формат** 18,5x28,7

Бумага мелованная двусторонняя, плотность на 130 г/м<sup>2</sup>

Обложка формата А4 плотность 250 г/м<sup>2</sup>

**Заказ №14**

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и  
спорта Республики Казахстан.

**Регистрационное свидетельство**

№ 14225-Ж от 4 марта 2014 г.

- Мнение авторов материалов может не совпадать с  
позицией редакции;

- За точность публикуемых сведений и цитат  
ответственность несут авторы материалов;

- Редакция оставляет за собой право  
редактировать материалы;

- Редакция не рецензирует и не возвращает рукописи;

**Журнал отпечатан в собственной типографии**

**Тираж: 1000 экз.**

## Құрметті оқырман қауым!

Осы қазақ қандай халық дейтін сұрақтың кей кездері мазалап қоятыны бар. Неге ойланбасқа? Сұрақтың жауабын табу үшін азды-кем ой бөлісуді жөн көрдім.

Мұның мәнісі ұлтының болашағын ойлап, артына текті ұрпақ қалдыруды місе тұтқан ата-бабамыздың ертеңгі күнге деген сенімінен болар. Түтіні түзу шыққан елдің болашағы кемел, ғұмыры мәңгілік демеуші ме едік?

Баяғыда Қытай елінің патшасы уәзіріне қазақтардың не себептен жеті атаға бөлінуінің мәнісін біліп келуге жіберген екен. Қазақтың дана ақсақалдарынан мән-жайды білген көмекшісі дереу ханға барып, қазақтардың жеті атаға дейін қыз алысып, қыз беріспейтінін айтады. Қытай патшасы ойланып тұрып, сонда былай депті: «Қазақ халқы көреген екен. Ұлдары батыл, ер жүрек! Қыздары инабатты да ибалы болуының себебі осында екен ғой. Біздің қытай халқы қазақ секілді жеті ата қуысқан болса ұрпағымның болашағына алаңдамас едім».

Иә, қазақ халқының қаншалықты текті екеніне тамсанып, ұрпағының тексіз болатынына қытай патшасының уайымдағаннан басқа амалы қалмаған тәрізді.

Аспан асты елі патшасының бұл сөзді айтқанына арада қанша жыл өткенін кім білсін? Текті жерден шыққан көргенді ұрпақтардың қазағымның мерейін асырып жүргені мені тек қуанта береді. Себебі, олар қарғыстың ең жаманы тексіз екенін жақсы біледі.

Текті халықтың ұрпағы болып туу да тектілікке жатар, бәлкім...

**Құрметпен,  
Әсем Сағиқызы**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ**  
**РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ**

**МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ**

Президент: «Халықтың біргілі — ең үлкен құндылық...» .....	6
Бүгінгі ой — ертеңгі болашақтың қамы .....	8
Ақибек ақын Мұқағали Мақатаев .....	10
«Абылай ханның арманы» атты тарихи драма ұсынылды .....	11
Астана инновациялар мен білімнің ортасына айналуы керек .....	12
Астана должна стать центром инноваций и знаний .....	13
Құттықтау .....	14
Истории нить золотая .....	16
Colden thread of history .....	18
Ұлықбек Есдәулет: «Шынайы әдебиет үшін күрес тоқтамайды» .....	20
Талант болашақтың еншісінде .....	23
Қазақ радиосының сандуғашы .....	24
Напиши о ветеране .....	26
Write about veterans .....	27
Ғайыптағы мәңгілік махаббат сазы .....	28
Рамео мен Джульетта .....	29
Год Анк — год Мира и Согласия .....	30
Апс year — year of peace and consent .....	32
Жібек мата .....	34
Кино — өнердің маңыздысы .....	36
Покорили талантом гению .....	38
Conquered talent genoa .....	40
Головкиннің жеңісі .....	42
Дело совершенства .....	43
Мұражай терминдерінің сөздігі .....	44
Словарь музейных терминалов .....	46
Ұлттық мәдениеттің қара шаңырағы .....	48
Мұражай қорындағы жәдігер .....	50
ҚР Ұлттық Музейінің тарих залы(Кеңестік кезең) экспозициясы .....	52
Шымбұлақ .....	54
Жәнібек пен Керей ескерткіші .....	56
Ғасырлардың шежіресі — музей .....	57
Жазушы Герольд Бельгер дүниеден өтті .....	61
«Қорқыт — Қобыз» бойтұмарым .....	62
«Алтайдан Балқанға дейінгі Түркі әлемі» атты халықаралық сурет көрмесі .....	64
Е.Тұрсынов фильм түсірді .....	65
Ең атақты 50 фильмнің мерейтойлары аталып өтеді .....	66
Қазақ батырларының көрші елдердегі ескерткіштері .....	67
Бейнепанорамалы көрме .....	68

## Президент: «халықтың бірлігі — ең үлкен құндылық...»

### Жақында елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өткізілді.

Отырыс барысында еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуына байланысты мәселелер күн тәртібіне қойылып, алдағы күндерге арналған жоспарлар белгіленді. Мемлекет басшысы әлемдік экономикада қалыптасқан ахуалды ескере отырып, жаңадан іс-шаралар әзірлеу қажеттігін, сондай-ақ, мемлекет басшысы «Қазақстан-2050» Стратегиясын дамытуға байланысты Үкіметтің жұмысын жаңадандыру қажеттігіне назар аударды.

Үстіміздегі жылдың қаңтар айынан бастап, Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енгені белгілі. Осыған байланысты елбасы:

— Жаңа интеграциялық жағдайлардағы біздің экономикамыздың жұмысын жалғастырып, тереңдете түсу керек. Ресей мен Беларусьтің өңірлерімен белсені жұмыс жүргізіп, керек жерлерде сауда өкілдіктерін ашатын кез келді, — деді.

Көлік бағдарларын дамыту үшін «Қорғас Шығыс қақпасы» АЭА-дағы «құрғақ порт» құрылысын аяқтау, Ақтау мен Құрықта теңіз порттары инфрақұрылымдарын қалыптастыру, сонымен бірге Парсы шығанағы мен Тынық мұхит жағалауындағы елдерде қоймалар салу мүмкіндігін қарастыру керектігін де айтты.

2014-2015 жылдарға экономиканың қуаттылығын күшейту үшін Ұлттық қордан бір триллион теңге бөлу мәселесі қарастырылған болатын. Соңғы үш айда шағын және орта бизнестің жалпы құны 78 миллиард теңгеге есептелген жобаларды қаржыландыруға 47 миллиард теңге бөлінді. Бұл жөнінде де елбасы өз ойын ашық айтты.

— Бұл жақсы бастама, бірақ жеткіліксіз. Бөлінген қаражаттың әрбір күнгі бөгелісі — елдің экономикалық өсімі қарқынын бәсеңдету деген сөз.

Сондай-ақ, президент Үкіметке қыркүйек айына дейін Ұлттық қордан 2015 жылы 500 миллиард теңге мөлшеріндегі екінші транш бөлігін инвестициялау жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

2015-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша өнеркәсіптің екінші бесжылдыққағы басымдығы бар салалары айқындалды. Бұл бағытта мұнай-газ және тау-кен металлургиясы салаларында оң өсім қарқынын қамтамасыз ету маңызды екендігіне тоқталған елбасы сондай-ақ, жаңа кен орындарын барлау мен қолданыстағы өндірістер қуатын жаңғырту жөнінде кең ауқымды жұмыстарды бастау керектігін қадап айтты.

Ішкі жалпы өнімді арттыру үлесі 53 пайызға жеткен қызмет көрсету саласы болып отыр. Бұл мәселеге қатысты елбасы қызмет көрсету саласының бәсекеге қабілеттілігін арттырған жағдайда еңбек өнімділігі өсетіндігін айтты.

– Мәселен, туризм саласында ашылған бір жұмыс орны өзімен бірге жеңіл өнеркәсіпте, азық-түлік өнеркәсібінде және көлік саласында қосымша жұмыс орындарының ашылуына себепші болады. Үкіметке жылдың соңына дейін қызмет көрсету саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі кешенді бағдарламасын әзірлеп, қабылдауды тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Қазіргі уақытта агроөнеркәсіп кешені саласында өңдеу ісінің мәселелері шешімін тауып, отандық ауыл шаруашылығы өнімін өңдеумен айналысу қажеттігі туындап отыр. Осыған орай мемлекет басшысы мемлекеттік субсидияларды тек озық агротехнологияларды енгізіп, сұранысқа ие дақылдар өсіретін тауар өндірушілерге назар аудару керектігін ашып айтты.

– Мемлекет тарапынан соңғы жылдары көп нәрсе істелді. Енді біз соның нәтижесін және бизнестің оң өзгерістерін, сондай-ақ Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан мейлінше тиімді жұмыс жүргізілуін күтуге қақылымыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Үкіметтің Бизнесі дамыту мен қолдаудың бірыңғай бағдарламасын бекіту қажеттігін де баса назар аударды. Сол себептен шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының 2014 жылғы 1 қазанға дейін жинақталатын айыппұлдары мен өсімақылары бойынша салықтық рақымшылық жасау міндеті Үкіметке жүктелді. Мемлекетіміздің экономикаға қатысуын қысқартуды жалғастыру қажет екендігі де сөз болды.

Жекешелендірудің екінші толқыны мен «Халықтық IPO» бағдарламаларын дамыту күшейтілгенмен, президент Мемлекет активтерінің орташа үштен бірі қысқаратындығын айтты. Үкіметке жекешелендірудің қарқынды үдерісін жалғастыра отырып, нысандар өзінің тікелей мақсатында қолдану мүмкіндігін тапсырды.

Білім беру мәселесіне байланысты елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы жұмысты күшейтуді, колледж студенттерінің дуальдық оқытуды енгізу қажеттігін баса айтты. Себебі, елбасы кәсіптік білім беру

жүйесіндегі мамандарды даярлаудың құрылымы мен сапасы еңбек нарығының талаптарына сай келмейтіндігін де сөз етті.

Мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында министрліктер және жергілікті атқарушы органдар өз міндеттерін шешуі тиіс. Жаңадан 5 министрлік құрылатын болады. Бұл жөнінде елбасы былай деді:

– Елді дамытудың маңызды бағдарламалары қабылданды, бірақ бізде олардың орындалуы ақсап жатыр, жеделдік пен икемділік жоқ. Министрліктерде тапсырмалар мен міндеттерді орындаудың көпбуынды күрделі жүйесі әлі де сақталып отыр. Тек соңғы жылдары ғана осындай көпбуындылықтан министрліктердегі ішкі құжат айналымы 3-4 есеге өсті.

Сондай-ақ, елбасы қаржы полициясын таратып, жаңадан құрылатын Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне беру туралы шешім қабылданды. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мықты қаржы-экономикалық дербестігінің негізін жасау мәселесі де қамтамасыз етілмек. Әлеуметтік-экономикалық дамуымыз әлемдегі және ТМД кеңістігіндегі ахуалды есепке ала отырып жүзеге асыру үшін Украинадағы шиеленіс оның экономикасын құлдыратуға апаратынын атап өтті. Елбасы Украина мемлекетінің қақтығыс салдарынан ондаған жылдарға кері кеткендігін және құлдырауға ұшыраған экономиканы және әлеуметтік нысандарды қалпына келтіру үшін көптеген жылдар қажет екендігін еске салып өтті.

Елбасы халық бірлігіне қатысты еліміздің мемлекеттік органдары мен қоғамдық институттары бейбітшілік пен келісімді, елдегі тыныштық пен қауіпсіздікті сақтау қажеттігіне байланысты өз ойын былай білдірді:

– Тек бейбіт өмір мен адал еңбек қана бақ-берекені қамтамасыз етеді. Халықтың бірлігі – ең үлкен құндылық, оны көздің қарашығындай сақтау – бүкіл халықтың парызы.

Сезім ЖҮСІПҚЫЗЫ

**Жуырда ҚР  
Премьер-министрінің  
орынбасары Бердібек  
Сапарбаевтың  
қатысуымен ҚР  
Мәдениет және  
спорт министрлігінің  
кеңейтілген алқа  
мәжілісі өтті.**

## БҮГІНГІ ОЙ – ЕРТЕҢГІ БОЛАШАҚТЫҢ ҚАМЫ

Мәжілісте музей мен мұрағат ісінің дамуы, спорт пен өнер салаларының өзекті мәселелері жан-жақты талқыланды. Сондай-ақ, Премьер-министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев өткен жылдың жұмыс қорытындылары жайлы айта келе, 2015 жылға арналған даму перспективалары жайында мәлімдеме жасады.

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев былай деді:

– Қазіргі таңда ауылдардың барлығында дерлік кітапханалар мен клубтар бар. Алайда, олардың көбі ойдағыдай жұмыс атқармайды. Көптеген клубтар өздерінің есіктерін жергілікті әкімнің тұрғындарымен есептік кездесуі өткенде ғана ашады. Бұл белгілі жағдай. Қазақстан бойынша кітапханалардың саны 4 131-ді құрайды, олардың 24 пайызы ғана компьютермен қамтамасыз етілген. Көптеген кітапханалардың қорлары ескірген. Астанада Елбасының жеке кітапханасы ашылды. Мырзатай Жолдасбеков те өзінің жеке кітапханасын ашты. Осындай игілікті істерді барлық аймақтарда жалғастыру қажет. Елімізде 200-ден астам мұражай бар. Олардың қорында 2 млн экспонат. Көптеген мұражайлар «кешегі күнмен» өмір сүріп келе жатыр. Астана қаласындағы Ұлттық Академиялық кітапхананың және Шығыс Қазақстан облысы мұражайының жұмыс тәжірибесін үлгі түрінде насихаттау керек.

Мемлекетімізде қазір мұрағаттар қызметіне көпшіліктің көңілі толмайды. Тіпті осы бағытта жұмыс жасайтындардың өзі салғырттық танытып отыр. ҚР

Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедияұлы өз ойын былайша жалғастырды:

– Қазақстандағы мұрағаттардың қызметі анықтама қызметінің деңгейінен аса алмай отыр. Дамыған елдерде мұрағаттар ғылыми орталықтарға айналып үлгерді. Олар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. Қоғамдық ағартушылық қызметті жүзеге асырады. Ватикан, Ресей мұрағаттары бұл жағынан алда келеді. Біздің мұрағаттар да осы деңгейге жету керек. Ең бірінші олар ғылыми бағыттағы жұмыстарын жүзеге асыруды жолға қойғаны жөн.

Бердібек Сапарбаев репертуарлық саясат жөнінде отандық фильмді өндіруге қатысты да өз ойын ашық айтты. Осы бағытта мемлекет қазынасынан 4 млрд-тан астам қаржы бөлінді. Анимациялық фильмдердің жүйелі түрде шығарылмауы, «Тәуелсіздік толғауы» байқауы аясында бюджеттен қаржы бөлінсе де, байқаудан жеңіп шыққан шығармалардың мардымсыз күйде екендігін растайды. Премьер-министр өнер ошақтарының репертуарларында отандық жаңа опера қойылмағандығын да тілге тиек етті.

Сондай-ақ, Бердібек Сапарбаев қазақ мәдениетін насихаттауа



байланысты өз ойын да білдірді.

– Қазақстанның мәдениетін шет елдерде насихаттауды демеушілердің есебінен іске асыру қажет. Мысалға, меценат Медғат Құлжановтың қаражатына оның жеке тапсыруы бойынша ағылшын композиторымен «Шәкәрім» симфониясы жазылып, тұсаукесері Лондонда өтті. Осындай фактілер баршылық.

Б.Сапарбаев мәдениет және спорт саласындағы басты міндеттердің бірі ретінде Елбасының қызмет көрсетулердің қолжетімділігін арттыру екендігін де тілге тиек етті.

Одан әрі Үкімет басшысының орынбасары өз сөзін былай аяқтады:

– Елбасының басты тапсырмаларының бірі – еліміздегі ұлтаралық татулық пен халық арасындағы саяси тұрақтылықты сақтау, ол бірден-бір мына сіздер мен біздерге байланысты.

ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедұлы Мәдениет және спорт министрлігінің 2014 жылы жүргізген жұмыстарының нәтижелері туралы баяндады. Сондай-ақ, мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесіне де тоқталып өтті. Мәдениет саласы бойынша былтырғы жылы ең маңыздысы Қазақстан Республикасының мәдени тұжырымдамасының талқылануы болатын. Тұжырымдаманың басым бағыттарының қатарына мәдениет және өнердің жеке салаларын дамыту, заманауи мәдени кластерлерді қалыптастыру, инновациялық технологияларды енгізу, білім беру саясатын, танымал брендтерді қалыптастыру және т.б. мәселелер талқыға түскен болатын.

Жиында сөз алған Қазақстанның еңбегі сіңірген мәдениет қайраткері Николай Зайцев еліміздің әр өңірінде көпұлтты мемлекетіміздің бірлік пен татулықтағы өмірін көрсететін бірегей қорық-мұражай салу жөнінде өз ұсынысын білдірді. Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстан облыстық архитектуралық-этнографиялық және табиғи-ландшафтық қорық-мұражайының директоры қызметін атқаратын Николай Алексеевич аталмыш мекеменің облыстың көпұлтты мәдениетін зерттеу, дамыту мен насихаттаудың орталығына айналғандығын сөз арасында айтып өтті.

Музей жұмысының сәтті жұмыс жасауы жөнінде Н.Зайцев былай деді:

– Еліміздің облыстық мұражайларының бұл аймақта табылған нысандар бірегей топтамалары болуы қажет. Олардың астаналық орталық музейлер секілді жоғары деңгейде болуы хақ, өйткені

халық өз тарихын, өлкесінің тарихын білуі керек, Елорда музейлеріне келу көптеген тұрғындардың мүмкіндігі бола бермейді.

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының директоры Үмітхан Мұңалбаева кітапхана жүйесіндегі бірқатар мәселелерге тоқталды. Халықтың мұра мен таусылмас қазына кітапты сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші кітапхана екендігін айта келе:

– Мыңдаған жылдар бойы халықтың өмірі мен тұрмысына алтын арқау болған әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұғым мен ырым, әдеп пен тыйым, жол-жоралғы сияқты қазақ мінезі мен тіршілігін, әсем әнін, күмбір күйін, таза тілін баяндайтын әдебиеттерді насихаттай отырып, оқырмандарды еліміздің – Отанымыз Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылып, гүлденуіне, тәуелсіздігіміздің тұғырлы да нық болуына зор үлес қосып келе жатқан елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еңбектерімен, ТМД елдерінің және шетелдерде озық әдебиеттерімен таныстыру, – деді.

Кітапхана директоры Ү.Мұңалбаева болашақта кітапханашылардың кәсіби мерекесін атап өту жөнінде өз ұсынысын білдірді. Ол сондай-ақ, жыл сайын кітапханада оқу залының көбейіп келе жатқандығынан, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасына жаңадан ғимарат тұрғызу қажет екендігін еске салды.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында мәдениет және өнер істері департаментінің директоры Ақтоты Райымқұлова биылғы жылы Қазақстан мәдени саясатының ұзақмерзімді тұжырымдамасын жүзеге асыру жоспарының 90 шарасын өткізуді жоспарлап отырғандығын жеткізді.

А. Райымқұлова өз баяндамасында Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы сынды тарихи белестердің Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңірудегі айрықша рөліне назар аударатындығын мәлімдеді.

Сондай-ақ, отырыс барысында мәдениет және өнер саласында кәсіби білім беру мен кадрларды даярлауды жетілдіруді, нақты жүйелерге қол жеткізу үшін басымдылықты жүйелілік пен кешендік әдістерге беру қажеттігіне мән берілді.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев 1931 жылы 9-шы ақпанда Алматы облысы, қазіргі Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген болатын. Ақын көптеген өлеңдер жазып қалдырды. Біз бүгін сіздердің назарларыңызға оның «Қазақ жері» атты өлеңін ұсынып отырмыз.

*Мұқағали  
Мақатаев  
(1931-1976 ж.ж.)*

## ҚАЗАҚ ЖЕРІ

*Уай! Уай! Уай! Киелі кеткен жер!  
Батырлар дүрліген өткен жер,  
Мұшарлар дүбірлен іткен ітер,  
Ташықтар бір-бірін өткен жер,  
Сарылып сал-сері кеткен жер.  
Бас иіп, иіскеп топырағын,  
Мағзым жасамай өтпендер!*

*Мына өлке, мына аймақ, бұл таңда  
Құлшылық етемін тұрғанға,  
Құлшылық етемін құмдарға,  
Мағзым жасайтын қырларға!  
Мүкірлік етемін қаман да  
Осы бір Отанда тұрғанға!*

*Жазы бар жалынмен жандырған,  
Қысы бар аязға қардырған,  
Көктемі балауса, балдырған,  
Ал күзі алып бір ақ қырман,  
Ақ дәннен ақ нөсер жаудырған,  
Қурет, нан жаңа алған тандырған,  
Қолденең қолбеген көкжиек  
Қыранның қанатын тандырған.*

## **«АБЫЛАЙ ХАННЫҢ АРМАНЫ» атты тарихи драма ұсынылды**

*Қ.Қуанышбаев атындағы  
Мемлекеттік академиялық қазақ  
музыкалық драма театры Қазақ  
хандығының 550 жылдығына  
орай «Абылай ханның арманы»  
атты тарихи қойылымды  
ұсынды. Аталмыш қойылымды  
Мемлекеттік хатшы Гүлшара  
Әбдіқалықова пен ҚР Мәдениет  
және спорт министрі Арыстанбек  
Мұхамедидіұлы бастаған бір топ  
лауазым иелері тамашалады.*

«Абылай ханның арманы» атты тарихи драма біршама өңдеуден өтіп, көрерменге қайтадан жол тартты. Авторы – белгілі жазушы, журналист, зерттеуші, драматург Думан Рамазан, режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақов. Бұл Д.Рамазан мен Б.Ұзақов шығармашылығындағы екінші тарихи туынды болып отыр. Бұған дейін 2010 жылы драматург пен режиссер үндестігінде «Кенесары – Күнімжан» атты тарихи драма көрермендер назарына ұсынылған болатын.

«Абылай ханның арманы» – Абылай ханның жоңғар тұтқынына түскен кезінен бастау алады. Абылай ханның қазақ халқын өмір өткелінен қалай аман-есен алып шыққаны баяндалады. Егер сол кезде

Абылайхан жүргізген ұлы саясат болмаса, қазақтар да жоңғарлардың кебін киіп, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кетуі кәміл еді!..

Бұл шығармада ұлы ханның көшбасшылық қасиетімен бірге, адами болмыс-бітімі, сарабдал қайраткерлігі, сұңғыла саясаткерлігі, асқан ақыл-парасаттылығы, ержүрек батырлығы жан-жақты қырынан ашып көрсетіледі.

Абылай ханның ролін талантты актер Қуандық Қыстықбаев сомдады.

Аслан ЕСЕН

# АСТАНА ИННОВАЦИЯЛАР МЕН БІЛІМНІҢ ОРТАСЫНА АЙНАЛУЫ КЕРЕК

*Астана әкімдігінде қалалық құрылымдары мен «Назарбаев Университетінің» кәсіпкерлік, инновация, білім беру, денсаулық сақтау, қоғамдық қауіпсіздік салаларындағы ынтымақтастығы және өзара қарым-қатынасы мәселелері талқыланды. Астана қалалық әкімі Әділбек Жақсыбековтың төрағалығымен өткен жиынға ЖОО басшылары мен қалалық құрылымдардың басшылары қатысты.*

Жиынды аша отырып, әкім «Назарбаев Университетінің» қызметі Астана үшін де, жалпы еліміз үшін де маңызды екенін атап өтті.

– Университет еліміздің, елордасы Астананың инновациялық дамуын қамтамасыз ететін жас жоғары кәсіби деңгейдегі мамандардың басты ұстаханасы бола алады және болуға тиіс, – деді Әділбек Жақсыбеков.

«Назарбаев Университетінің» басшылығына бизнес-құрылымдар мен экономика саласындағы сарапшылардың білім ордасының қызметіне зор қызығушылық танытатынын жеткізді. Сондай-ақ, елорданың дамуына байланысты серіктестіктің бірнеше перспективті бағытын белгілеп берді. Атап айтқанда, ЖОО мен қалалық білім беру жүйесінің арасында ақпаратпен, озық жобалармен және тәжірибемен жан-жақты алмасу, бірлесіп олимпиадалар, ғылыми жобалар байқауларын өткізу. Әділбек Жақсыбеков Астана үшін басым бағыттардың бірі ақпараттық технологиялар саласы екенін айтты.

– «Назарбаев Университетінің» қызметкерлері мен студенттері Астанада «ақылды қызмет көрсетуді» енгізу бойынша жаңа техникалық шешімдер әзірлеуге зор үлес қосатынына сенімдімін. Қызығушылық

танытқан студенттерге жалпы қала бойынша осындай жобалардың үйлестірушісі болып табылатын «Астана Innovations» АҚ тәжірибеден өтуді ұсынамыз, – деді әкім.

Сонымен қатар, Астана ЖОО инновациялық жобаларын іске асырудың басты алаңына айналуы керектігі, бұл үшін барлық жағдай жасалып жатқаны атап өтілді.

Жастар саясаты саласындағы ынтымақтастыққа тоқтала келе, қала басшысы студенттерді «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінің волонтерлік корпусының құрылуы аясында «Волонтерлік мектеп» жобасына қатысуға тарту қажет екендігін ерекше атап өтті. Астана әкімі елорда жастары мен мектеп оқушыларының «Назарбаев Университетіне» деген қызығушылығын ескере отырып, аталған ЖОО–да экскурсиялар мен ашық есік күндерін ұйымдастыруды ұсынды.

Өз кезегінде, «Назарбаев Университетінің» президенті Шигео Катсу университеттің мақсаттарының бірі Астананың халықаралық инновациялар, бизнес және білім орталығы ретінде қалыптасуына үлес қосу екенін айтты.

**Астана қаласы әкімінің баспасөз қызметі**

# АСТАНА ДОЛЖНА СТАТЬ ЦЕНТРОМ ИННОВАЦИЙ И ЗНАНИЙ

*Вопросы сотрудничества и взаимодействия городских структур с «Назарбаев Университетом» в сферах предпринимательства, инноваций, образования, здравоохранения, общественной безопасности обсудили в столичном акимате. В совещании под председательством акима Астаны Адильбека Джаксыбекова приняли участие руководство вуза и руководители городских структур.*

обозначил несколько перспективных направлений сотрудничества по вопросам, связанным с развитием столицы. Среди таковых - всесторонний обмен информацией, передовыми разработками и опытом между вузом и городской системой образования, проведение совместных олимпиад, конкурсов научных проектов. Другим направлением, являющимся для Астаны приоритетным, Адильбек Джаксыбеков назвал сферу информационных технологий.

– Уверен, что сотрудники и студенты «Назарбаев Университета» могут внести значительный вклад в разработку новых технических решений по внедрению «умных сервисов» в Астане. Заинтересованным студентам мы готовы предложить прохождение стажировки в АО «Астана Innovations», которое выступает координатором данных проектов в масштабах всего города, – добавил аким.

Также было отмечено, что Астана должна стать главной площадкой для реализации инновационных прорывных проектов вуза, и для этого создаются все необходимые условия.

Говоря о сотрудничестве в области молодежной политики, глава города акцентировал внимание на привлечении студентов университета к участию в проекте «Школа волонтерства» в рамках формирования волонтерского корпуса к международной специализированной выставке ЭКСПО-2017. Аким также отметил неподдельный интерес столичной молодежи и школьников к набирающему мощь «Назарбаев Университету», предложив проведение в вузе экскурсий и дней открытых дверей.

В свою очередь, президент «Назарбаев Университета» Шигео Катсу добавил, что одной из задач вуза является вклад в становление Астаны как международного центра инноваций, бизнеса и знаний.

Открывая совещание, аким подчеркнул, что деятельность «Назарбаев Университета» имеет большое значение для Астаны и страны в целом.

– Университет может и должен стать главной кузницей молодых высокопрофессиональных специалистов, которые будут обеспечивать инновационное развитие нашей страны, ее столицы - Астаны, – отметил А.Джаксыбеков.

Обращаясь к руководству «Назарбаев Университета», аким отметил большой интерес к деятельности вуза со стороны бизнес-структур, экспертов в области экономики. Он также

# ҚЫМБАТТЫ ОҚЫРМАН!

Өздеріңізге мәлім болғандай, 2013 жылы «Атамекен» Қазақстан Картасы» этно-мемориалдық кешені базасының негізінде құрылған Халықаралық Мұражайлар Одағының Қазақстан Ұлттық Комитеті өз жұмысын жемісті атқарып келеді.

Айта кетейік, 2014 жылы аталмыш комитеттің негізінде «ИКОМ Қазақстан. Қазақстан мұражайларының мұрасы» және «Астана қаласының мәдени мұрасы» республикалық ғылыми-танымдық журналдары ашылып, қызмет барысын ойдағыдай атқарып келеді. Міне, көзді ашып жұмғанша қос журналдың жарыққа шыққанына 1 жыл толыпты.

Қоғамды ілгері жылжытатын мәдениет екенін білеміз. Сондай-ақ, мәдениеттің адам өмірінде алар орны ерекше. Бұл бағытта екі бірдей журнал еліміздің мәдениетінің дамуын халқымызға кеңінен насихаттауға тырысып келеді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы бір сөзінде былай деген еді: «Мәдениетті ел – өркениетке көшкен ел. ХХІ ғасыр – мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры». Сол айтқандай, мәдениетсіз қоғамды елестету мүмкін емес. Тарихи құбылыс саналар мәдениеттің дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмірдің жағдайларына байланысты өзгеріске ұшырап отырады. Әрі оның мазмұнына терең бойлай түссек, толық мағынасына кісінің өз ақыл-ойымен жететіні тағы бар.

«Астана қаласының мәдени мұрасы» және «ИКОМ Қазақстан. Қазақстан мұражайларының мұрасы» республикалық ғылыми-танымдық журналдардың 1 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын. Басылым қызметкерлеріне шығармашылық шабыт, еңбектеріне табыс тілеймін!

Барша қауым сүйіп оқитын басылымдардың біріне айналып, тың тақырыптарды қозғайтын ақпараттарыңыз көп болсын дегім келеді.

**Болат Мажағұлов,  
Астана қаласы  
Мәдениет басқармасының басшысы**

## Құрметті журнал ұжымы!

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – мәдени, экономикалық және әлеуметтік капитал, жалпы адамзаттық мәдениеттің құрылымдық бөлігі, этнос, қоғам, адам парасатының дамуы мен құрылуының бастауы, тарихи естеліктердің маңызды қоймасын жасау және қорғау бағдарламасы.

Тарихи-мәдени мұрамен хабардар етіп, тек тарихты ғана емес, сонымен қатар болашақта болатын жағдайды баяндайды. Сондықтан да, Елбасымыз осыдан 12 жыл бұрын, яғни 2003 жылы сәуірде Қазақстан халқына жолдауында арнайы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырған болатын. Елбасының жолдауымен қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қазіргі Қазақстанның әлемдік өркендеуінің дәлелі.

Осы бағдарлама аясында атқарылып жатқан жұмыстар аясы орасан зор. Соның бірден бір айғағы «Астана қаласының мәдени мұрасы» атты республикалық ғылыми-танымдық журналы. Бұл журналдың жарық көргеніне 1 жылдай уақыт өтсе де біршама жұмыстардың белсенді насихатшысы және өнер жанашыры бола білді.

Ел болған соң ол елдің тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі бар. Солардың хал жағдайын шынайы жеткізіп, мәдениет жанашырлары бола білгені үшін халық атынан осы баспа ұйымына алғысымыз шексіз. Шынайы бет бейнеміз бен өнеріміздің өрнегін айқын әрі көркем жеткізе білген ұжымға шығармашылық табыстар тілейміз. Қаламдарыңыз ұшталып, шыңдала беріңіздер.

Гүлнұр Оразымбетова,  
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген  
қайраткері. Қазақстан Жастар одағы «Серпер»  
сыйлығының иегері

«Астана қаласының мәдени мұрасы» республикалық ғылыми-танымдық журналына 1 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Аталмыш басылым мәдениет саласындағы жандарға және Қазақстанның болашағы жастарға үлгі боларлықтай журнал деп айтуға болады.

Аз ғана уақыттың ішінде журналдың жеткен жетістіктері біршама болды. Журнал ұжымы отандық журналистиканың дамуына елеулі үлес қосып, көптеген мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлер, ұлтымыздың ғылым, әдебиет және мәдениет тұлғалары өз ойлары мен туындыларымен де бөлісіп жүр.

Журнал өз оқырманна рухани азық болатындай, қоғам өмірінің өзекті мәселелерін қозғап келеді.

Сіздерге шығармашылық табыс, оқырманға қызықты материалдар және жарқын болашақ тілеймін!

Қазақ баспасөзі тарихында беделді орын алуларына тілектеспін.

Бибіпұр Санақұлова,  
тарих ғылымдарының кандидаты,  
Тәуелсіздік сарайы  
директорының орынбасары

## ИСТОРИИ НИТЬ ЗОЛОТАЯ

*Расшитая золотом одежда представлена на выставке в Астане.*

*В Музее Первого Президента Казахстана открылась персональная выставка «Золотая нить истории» Айжан Абдубаит, лауреата премии XV Республиканского фестиваля творческой молодежи «Жігер», национальной премии общественного признания достижений женщин Казахстана «Ажар» и члена Союза художников Казахстана.*

Показ посвящен замечательной дате, отмечаемой в этом году – 550-летию Казахского ханства.

Творчество этой талантливой мастерицы красноречиво убеждает любого, кто к нему прикоснулся, что историю казахского ханства современники познают не только по преданиям предков, древним рукописям и свидетельствам летописцев.

Она словно оживает в расшитых золотой нитью одеждах казахской знати и других шедевров народного творчества, талантливых казахских мастеров-зергеров.

А если говорить о деле, которую посвящает все свое время Айжан Абдубаит, то ее творчество можно назвать уникальным.

Мастерица, продолжая древние традиции казахского декоративно-прикладного искусства казахов, по мнению искусствоведов, своим творчеством дарит новую жизнь историческим артефактам. Она занимается реставрацией и реконструк-

цией одежды и предметов быта далеких исторических эпох.

А прежде чем у нее все это начало получаться, Айжан Абдубаит изучила и в совершенстве овладела старинной техникой вышивки «зерлеу». И теперь именно в этом стиле создает потрясающей красоты национальную одежду, свадебные наряды и самые разные предметы быта казахов.

– С 90-го года прошлого столетия я отложила все свои дела, которыми ранее занималась, посвятив все свое время изучению этого древнего искусства вышивки, – говорит Айжан.

Она ее называет элитным и поясняет, почему.

– Вышитую в технике «зерлеу» одежду имели право носить только ханы, султаны, высшие чины, – рассказала на открытии своей персональной выставки мастерица.

Далее она пояснила, что «зерлеу» у людей вызывает ассоциации с золотом и металлом.



И это, по ее словам, действительно «вышивание позолоченной канителью, металлической нитью».

И занятие это, надо сказать, не из легких, а очень кропотливый и тяжелый труд, а также большая ответственность перед историей.

Ведь Айжан Абдубаит воссоздала целые пласты исторических артефактов: комплект ханской одежды, военный мундир Жангир-хана, бешмет ханши Фатимы и другие реконструкции одежды и предметов обихода казахской знати.

И помимо эстетического наслаждения, которое дарит людям соприкосновение с экспонатами, созданными руками Айжан на высоком профессиональном уровне, они имеют большую ценность для науки.

Надо признать, творчество мастерицы востребовано. Ведь авторские работы Абдубаит украшают коллекции Центрального государственного музея РК, Музея Первого Президента РК и областных музеев республики.

Правда, некоторые говорят, что то, чем занимается Айжан, — это бизнес.

— Это не модельный бизнес и не ателье, а искусство, — говорит автор работ.

По ее словам, ее мечта — «вернуть статус высокохудожественного прикладного искусства».

— А в нем самая высшая ступень — это вышивка золотом. Буду рада, если мои вещи найдут место в музеях и частных коллекциях, как и многие из моих изделий, которые находятся по всей республике, — сказала мастерица.

А также с особым вдохновением поделилась тем, чем сейчас занимается.

— Для меня особую радость и гордость имеет работа над покрывалом Ходжи Ахмеда Яссауи, которое в свое время чуть не исчезло. До 1978 года оно хранилось в музее города Алматы. И как негодную вещь ее должны были списать и уничтожить, — говорит Абдубаит.

И тут же успокоила, что «к счастью, оно сохранилось».

Сегодня это уникальное покрывало хранится в Музее Ходжи Ахмеда Яссауи в Туркестане.

— Сейчас я работаю над реставрацией и восстановлением рисунка покрывала. Это огромный ковер. В готовом виде он должен представлять размер 3,5–4,5 метра. Его возвращение, когда мы его закончим, станет величайшим событием, — уверена мастерица.

А для того, чтобы все выполненные ее руками великолепные вещи смогли увидеть и жители южной столицы, Айжан планирует устроить персональную выставку в Алматы.

Татьяна КОРОЛЕВА

# GOLDEN THREAD OF HISTORY

*Gold-embroidered clothes are presented at the exhibition in Astana.*

*The Museum of the First President of Kazakhstan opened the personal exhibition of Aizhan Abdubait «Golden thread of history», laureate XV Republican festival of creative youth «Zhiger» national award of public recognition of the achievements of women in Kazakhstan «Azhar» and a member of the Union of Artists of Kazakhstan.*

The show is dedicated to the remarkable date, celebrated this year - the 550th anniversary of the Kazakh Khanate.

Creativity of this talented seamstress eloquently convinces anyone who touched him that the story of the Kazakh Khanate contemporaries learn not only legends of ancestors, ancient manuscripts and the chronicler.

It comes to life in embroidered robes with gold thread Kazakh nobility and other masterpieces of folk art, talented Kazakh master jewelers.

And if we talk about the case, which Aizhan Abdubait devotes all his time, her work can be called unique.

An expert, continuing the ancient traditions of Kazakh arts and crafts of the Kazakhs, according to critics, his creativity gives new life to historic artifacts. It is engaged in the restoration and reconstruction of clothing and household items distant eras.

But before she had it all get started, Aizhan Abdubait studied and mastered the ancient technique of embroidery «zerleu.» And now in this style there creates the

stunning beauty of the national dress, wedding dress and a variety of household objects of Kazakhs.

- "On the 90th of the last century I put all his affairs, which previously worked, devoting all his time to the study of this ancient art of embroidery", - Aizhan.

She calls it an elite, and explains why.

- "Embroidered in the technique of «zerleu» had the right clothes to wear only the khans, sultans, the higher ranks", - said mistress at the opening of her exhibition.

She further explained that «zerleu» people is associated with gold and metal.

And this, according to her, is really «embroidery gilded gold thread, metallic thread.»

And the lesson is, I must say, is not easy, but very laborious and hard work, as well as a great responsibility before history.

After Aizhan Abdubait reconstituted whole layers of historical artifacts: a set of Khan's clothing, military uniform Zhangir Khan beshmet hanshi Fatima and other reconstruction clothes and household items of Kazakh elite.

And in addition to aesthetic pleasure, which gives people the contact with the exhibits, made by hands of mistress created at a high professional level, they are of great value to science.

We have to admit, Aizhan's creative work is in a high demand. After all, works of Abdubait authorship adorn the collection of the Central State Museum of Kazakhstan, the Museum of the First President of the Republic of Kazakhstan and regional museums of the country.

However, some say that what Aizhan

is doing is a business.

- "It's not the business model and studio, and art", - says the author of the work.

According to her, her dream - to «return the status of highly applied art.»

- "And it is the highest stage - is embroidered with gold. I would be glad if my stuff will find a place in museums and private collections, as well as many of my articles that are all over the country", - said the expert.

And with the special inspiration to share what is now engaged.

- "For me special joy and pride is the work of the veil of Khoja Ahmed Yasawi, which at one time almost disappeared. Until 1978, it was kept in the museum of the city of Almaty. And as a worthless thing it must have been written off and destroyed", - says Abdubait.

And then reassured that «fortunately, it has been preserved.»

Today, this unique cover today at the Museum of Khoja Ahmed Yasawi in Turkestan.

- "I am currently working on the restoration and recovery pattern bedspreads. This is a huge carpet. In finished form it should represent the size of 3.5-4.5 meters. His return, when we finish, will be the greatest event" - sure expert.

And in order to carry out its hands all wonderful things and the people were able to see the southern capital, Aizhan plans to arrange a personal exhibition in Almaty.

Mariika IEZELY

# ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ: «ШЫНАЙЫ ӘДЕБИЕТ ҮШІН КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ»

*Әрбір ұлт пен ұлыс  
мемлекет болып қалыптасуы  
үшін көптеген жылдарын  
арнады. Қаншама жылдар,  
засырлар еншісінде кеткен  
халықтың орындалмай  
кеткен арманы тарих  
қойнауына сіңіп, жоқ  
болды. Сол халықтардың  
өркениетінің тамыры  
тереңнен бастау алғаны  
белгілі...*

*Бұл жолғы айдарымызда  
Мемлекеттік сыйлықтың  
иегері, Қазақстанның еңбек  
сіңірген қайраткері, ақын  
Ұлықбек Есдәулетпен болған  
сұхбатымызды жариялап  
отырмыз.*

*Мемлекеттік сыйлықтың  
иегері, Қазақстанның еңбек  
сіңірген қайраткері, ақын  
Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ*

– Ұлықбек Оразбайұлы, әңгіменің төркінін қазақ хандығының 550 жылдығынан бастасақ деймін. Яғни, қазақ елінің мемлекет болып қалыптасуы жайында не айтар едіңіз?

– Әрбір ұлт пен ұлыс мемлекет болып қалыптасуы үшін кемінде ондаған ғасырлар керек. Тарихы терең халықтың өркениетінің тамыры да тереңде болады. Сонау сақ заманынан бастау алатын, ғұн дәуірін қамтитын, тасқа қашалған түрік тарихымен астасқан, үйсін, қаңлы, найман, керей хандықтарын қосқанда, Шыңғысхан түпкі іргетасын қалаған Алтын орда хандығына ұштасқан қатпар-қатпар тарихы бар қазақ хандығын 550 жылмен шектеу бір қарағанда тереңге бойламау, байыпқа бармау сияқты көрінуі мүмкін. Сондықтан 550 жылдықты атап өту – сол ұлы тарихымыздың белгілі бір кезеңін түйіндеу деп ұғынуымыз керек деп санаймын. О заманда бұ заман, қай қазақ тойдан қашыпты? Қарар қабылданып қойған екен, ендеше, бұған да шүкір деп, 550 жылдығымызды лайықты тойлайық, бірақ одан әлдеқайда терең тарихымызға бойлайық! Мұны Қазақ елінің 2300 жылдығын өткізуге дайындық деп ойлайық...

– Тәуелсіздігіне қол жеткізген халықтың

*бүгінгі тынысы, өмір сүру деңгейі біршама өзгерді. Дйтсе де, логикалық тұрғыдан сараптасақ, қазақ халқы не нәрсеге мұқтаж болып отыр?*

– Қазақ халқы мұқтаж болып отырған нәрсе көп. Ұлы Абай ұсынған 5 асыл іс: «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым» әлі де жетіспейді. Талап дегеніміз білімге ұмтылыс болса, біздегі білім-ғылым сапасына көңіл толмайды, 25 жыл бойы үздіксіз жүргізіліп келе жатқан реформалардан ұстаздардың өздері шатасып бітті. Оқулықтар сын көтермейді. Тест сұрақтары дегеніміз – сайтан сирағын сындырардай бытысқан бір жыныс. Ғылым Академиясы бар-жоғы белгісіз ошаққа айналды. Топырлатып мүше-корреспондент, академик қабылдап жатқанын ғана естиміз. Еңбек бар, бірақ өнбейтін еңбек. Жұмыссыздық жайлаған елде еңбек өнуші ме еді? Өз шаруасын ашып, еңбек еткісі келетіндер көп, бірақ несие алу, теңдер ұту аса қиын. Бөлінген қаржының жартысына жуығы беруші қолда қалады. Марытымсыз қаржыға жасалған жұмыста қандай сапа, жетістік, табыс болмақ? Бермесен – бермейді,

яғни алмайсың. Бұндай түйықтан шығып көр. Сонда қалай еңбек етпексің? Ал ана тіліміздің қолданылу аясы кеңімей, мүшкіл жағдайда отырғанда терең ой туралы сөз қозғауымыз қалай болар екен? Адам өзінің туған тілінде ойламай елдің ертеңі түзеле ме? Ал билік басындағылар қолдары әуірімдеп жеткен лауазымды халыққа қызмет ету жолы деп емес, баюдың көзі деп түсінетін заманда өмір сүріп отырмыз. Түйені түгімен жұтқан, жұтып жүрген алпауыттардан бастап, шегірткедей шенеуніктерге дейін қанағат дегеннің не екенін білмейді. Мұндай жерде рахым туралы сөз қозғамаса да болады. Оның үстіне бұрын дінсіздіктен зардап шеккен жұрт енді діншілдікке де үрке қарайтын жағдайға жетті. Ондай жағдайға жеткізген шала молда – дүмшелер. Сондықтан ұлы ғұламаның сөзіне өздігіменен қосарым – шын мәніндегі имандылық та жетіспейді.

– *Дәстүр мен мәдениеттің қалыптасуы, олар арасындағы сабақтастық қалай байланыспақ?*

– Дәстүр дегеніміздің өзі – мәдениет. Әр халықтың ұлттық дәстүрі оның әлемдік өркениетке қосқан үлесі болып табылады.

– *Қазір оқырмандарыңызды қандай шығармаларыңызбен қуантып жүрсіз? Творчествомен айналысатын басқа адамдардың әлеміне үңілу сіз үшін қаншалықты маңызды?*

– Үнемі қуанту қайда? Қазір баяғыдай ағыл-тегіл өлең жоқ. Поэзия – кірпияз жанр, жас ұлғайған сайын кейде жалына қол апарғызбайды. Сондықтан, ондайда, төпелеп, ұйқас қуып, күшеніп, зорланып жаза беру маған қол емес, танымдық дүниелер оқуға көшемін, естелік, эссе жазып қоямын, аудармамен айналысамын. Әкемнен, аталарымнан естіген әңгімелерді, елдегі өзім жақсы білетін тарихи оқиғаларды жазсам ба деп, қара сөзге омбылап жүрмін. Одан басқа... Жақында сәті түсіп, ұлы ақын Мұқағали Мақатаевтың Америкадан

жарыққа шығатын жыр жинағына алғысөз жазып бердім. Ағылшын тіліне аударылып жатыр.

– *Өлең әдебиеттің жүгін қаншалықты арқалай алады? Әдебиет – ардың ісі екені рас болса, әдебиетке атүсті қарайтындар олар кімдер? Бұл мәселеге көзқарасыңыз қандай?*

– Өлең – әдебиеттің негізгі жанры. Әсіресе қазақ әдебиеті өлеңнен бастау алған. Ал қаламгерлерге келсек, әдебиет жүгін әркім шама-шарқынша арқалайды. Мысалы, Жақсылық Үшкемпіровты бауан екен деп «Қазақстан барысына» салмайсың ғой. Салмақ дәрежесін ескеру керек. Әдеби сын, көркемдік талғам деген бар. Ол – сыншылар мен әдебиеттанушыға ғана емес, бүкіл оқырман қауымына да керек нәрсе. Ал енді атүсті қарау дегенге келсек... Халтура итжаңды болады. Онымен күресемін деп талай рет өлімші болып таланғанмын. Бірақ, шынайы әдебиет үшін күрес тоқтамайды. Көркемдікті, өнерді таза ұстау парыз. Бұл ағалардан қалған аманат. Ал шабыты қашқан ақындар мен сөзі таусылған прозаиктерді тақымдап, көп зорлай беруге болмайды. Жастарды қаузап, соларға жағдай туғызу керек! Берерін берген жазушы суы сарқылған құдық сияқты. Тұмасының көзі қайта толғанша күту керек.

– *Кез келген шығармашылық адамының серпіліс туғызатындай туындылары болады. Бүгінгі поэзияда құбылыс болар сіздің біршама шығармаларыңыз бар. Мәселен, «Қара пима» поэмаңыз. Жұрт осы туындыны әлі күнге дейін сүйіп оқиды.*

– Жылы лебізіңе рахмет айтамын. Кезінде Хамит Ерғалиев ағамыз ұнатқан «Көздің құны» дастаным, сондай-ақ «Натюрморт» сияқты поэма тұрғанда жұрт «Қара пиманы» неге тілге тиек ете беретінін түсінбеймін. Реті келіп тұрғанда айта кетейін,

## Ақын Қалқаман Саринмен бірге

жақында «Натюрмортты» Лондонда тұратын Джон Глендей деген белгілі ағылшын ақыны өз тіліне қызығып аударды. Тіл білетіндер «жақсы аударыпты, жеңіл оқылады» десіп жатыр. Құдай бұйыртса, биылғы жылы Америкадан ағылшын тілінде өлең кітабым жарыққа шықпақ.

– Қазіргі қоғамда сізді жиі мазалайтын нәрсе ол – не?

– Халықаралық жағдай. Көршілердің өрті бізді де шарпып, соғыс шығып кете ме деген қауіп. Күшті көрші артымен диірмен тартса жаншыла кетуге бейліміз. Солардың көңіліне қарап, өзімізді өзіміз тұқырта береміз. Тіпті Петропавл, Павлодар сияқты қалаларымыздың отаршыл атауларын өзгертуге батпаймыз. Көшелерін өзгертуге қорқамыз. Бейбіткер боламыз деп атом бомбасынан айрылдық дейік. Полигоннан құтылып едік, оның шахталарын ядролық қалдық көметін күресінге айналдыра бастадық. Ол аздай бүкіл уран қорын Ресейге билетіп қойдық. Уран көп өндірілетін Созақ ауданының экологиясы дабыл қағарлық деңгейге жетті! Мұнайымыз бен газымыздың негізгі қызығын Қытай көріп отыр. Өткізіп отырған бағамыз әлемдік деңгеймен салыстырғанда су тегін. Теміріміз үндістің ырқында. Алюминіміз Машкевич тобында. Өзімізде не қалды, не бар? Канададан ба, бір жақтан қыруар долларға табын-табын аусыл сиырлар әкеліп, олары арам қатады. Сивырдың өзін әкелгенше тұқымын неге әкеліп өсірмейді? Соған да сана жетпей ме?

Осындайда айтпасақ сөздің атасы өлер: Тынық мұхиттың оңтүстігінде Науру деген арал-мемлекет бар. Науру халқының ұлттық спорт түрі – ұшқан құсты арқан лақтырып шылбырлау! Бар байлығы фосфорит екен. Алдымен Америка, содан Германия, Жапония,

одан Австралия отарлап, қалай болса солай өндіріп, тасымалдап әкетумен болған. Науру елі сол экспорттан түскен салық үлесінен-ақ қатты байыған. Фосфорит өндіруден әлемде бірінші орын алып, өткен ғасырдың сексенінші жылдарында халықтың әлеуметтік жағдайы жөнінен Батыс пен Америка елдерін басып озып, алдыңғы қатарға шыққан. Масаттанған Науру билігі Америка мен Еуропаның, Австралияның қалаларынан жылжымайтын мүліктер сатып алып, қыруар қонақүйлер тұрғызып, шет елдердің футбол клубтарына қыруар инвестиция салып, қаржыны шашып баққан. Халқының саны 10 млн. сол мемлекет 1990-жылдардан бері фосфорит қоры сарқылып, жиырма шақты жылда біртіндеп әлемдегі ең кедей елге айналды. Қарызы бастан асады. Жан сақтау үшін жанталасып, офшорлы аймақ ашып, бүкіл әлемнің және Ресейдің ұрлық ақшаларын заңдастырумен айналысқан. Қазір Дүниежүзілік даму банкі ондай офшорлық операциялар жасауына тиым салып тастады. Бейберекет кен өндіргеннен экологиясы бұзылып, бір замандағы жер жаннаты, жұмақ, пейіш деп танылған орманды арал – бұл күнде қураған тау-тасты шөлейтке айналып жатыр. «Ядролық қысты» көргісі келгендер сонда баратын болды. Жаны ашыған БҰҰ тізеге салып, осы елдің экологиясын күртқан мемлекеттерге компенсация төлетіп әлек. Халқын басқа аралдарға көшіру туралы бағдарламалар қабылданып жатыр. Біздің еліміздің болашағын сондай сорақылықтан Құдай сақтасын дер едім...

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан  
Әсем САҒИҚЫЗЫ

# ТАЛАНТ БОЛАШАҚТЫҢ ЕНШІСІНДЕ

Австриялық магистратураның түлегі Ернар Нұртазин бүгіндері болашағынан үміт күттіретін жас таланттардың қатарында. Жақында ол «Астана Опера» сахнасында «Классиктер және замандастар» атты концертте алғаш рет өз өнерімен көрермендер алдына шықты.

Ернар Нұртазин қай кезде де өзіне міндеттелген тапсырманы ойдағыдай атқару үшін жанын салып бағады. Әсіресе, музыканы тыңдармандар ұйып тыңдайтындай етіп, классикалық әуеннің жетегінде қаншалықты жүргендігін көрсетуге тырысады. Бұл жөнінде ол өз пікірінде ашық білдіреді.

– Музыкалық туындыны әркім өзінше жеткізеді, әр орындаушы оған өзінің қолтаңбасын қалдырады. Әр заманды, әр ғасырды біз өзінің ағымына сай қабылдаймыз, өзіндік дүниесін сезінеміз, музыкада бұл композитордың тілі және орындалатын шығарма арқылы беріледі. Қазір озық технологиялар заманында өмір ырғағы жеделдеді, қайда көз салсаң да, асыққан адамдар, бұл музыкаға әсер етпей қойған жоқ. Кейде шығарманың ырғағы тым шапшаң болып келеді, менің ойымша, бұл орынсыз, мұндайды жаным қаламайды. Өткен ғасырлардың туындысын орындаған кезде, сен міндетті түрде сол дәуірдің әдет-ғұрпын және дәстүрін түсінуге тырысуың керек, қайткен күнде де тарихымен таныссаң да, сенде бір негіз болуы керек, бірақ

орындау өнеріне келгенде, қазіргі заманның ағымы да ескерілуі тиіс, әрине.

Өнер иесі бір кездері Мәскеу қаласындағы Үлкен Кремль сарайының Александр залында өнер көрсеткен болатын. Бұған қатысты көптеген пікірлер мен жылы лебіздер де айтылды. Мәскеуліктер Ернар Нұртазиннің орындаушылық қабілетінде өзіндік әдіс-тәсілі бар дейді.

– Бүгінде Ернар бізбен қайта қауышты, ол Отанға оралды және біз үшін көптен бері ойда жүрген идеямыз – бірлескен концерт беруді жүзеге асыратын тамаша мүмкіндік туды, – дейді маэстро Руслан Баймұрзин.

Аталмыш концертте «Астана Опера» театрының ішекті оркестрі және аспапшы-солистері, өткен ғасыр классиктерінің жауһарлары мен бүгінгі күнгі қазақстандық автордың шығармаларынан орындалды. Дирижерлық тізгінде – Руслан Баймұрзин.

Зылиха САЛИХ

# ҚАЗАҚ РАДИОСЫНЫҢ САНДУҒАШЫ

*Жақында Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, жоғары категориялы диктор, «Құрмет» орденінің иегері, доцент Сауық Жақан Мәсіғұтқызы 70 жасқа толды. «Қазақтың Левитаны» атанған Қазақстанның халық әртісі Әнуарбек Байжанбаевтың мектебінен өтіп, шәкірті атанған Қазақ радиосының сандуғашы Сауық Жақанова он жеті жасынан еңбекке араласқан дарынды қыздарымыздың бірі.*

## *«Құрмет» орденінің иегері, доцент Сауық Жақан*

Иә, 90 жылда тыңдаушының құлақ құрышын қандырған радиода қаншама жақсы, жайсаңдар еңбек етті. Солардың әрқайсысының ақыл-ойы, қол таңбасы, үні мен қалдырған ізі, шығармашылығы радионың «Алтын қорында» сақталған.

Жарты ғасыр диктор болып қызмет атқарған Сауық Жақанова осы уақыт аралығында ойға түйгенін, бұл мамандықтың қадір-қасиетін былайша бағалайды:

«Радио тыңдаушыға дыбыстап оқу, сөйлеу арқылы жететін ақпарат құралы болғандықтан, бірінші диктордың даусына мән беріледі.

Бұрын дикциясына, таным-түсінігіне, ырғақ екпініне, таза анық сөйлеуіне, тіл ерекшелігіне қарап дикторды таңдап алатын. Халықтың түсінігінде диктордың радиодағы алатын орны өте жоғары болды. Әнуарбек Байжанбаевтың өзі айтқандай, «енді дикторға сенбей көр» деген пікір қазақ даласын шарлап кеткен. Ол Байжанбаевтың феномендігі, хас дарындылығы. Әнағай ешқандай декорациясыз, қимыл-әрекетсіз, ауыздан шыққан сөз арқылы тыңдаушы қиялын асқақтатып жіберетін. Бейне ретінде оқиганы көз алдына алып келетін. Бүкіл дикторлардан соны талап ететін, олар соған тырысатын. «Диктор болу — өнерлі болу» деген сөз, ол өнердің ерекше бір түрі, табиғи нанымды сөйлей алумен қоса, білімділікті қажет ететін өнер» деп орыс ғалымы Всеволод Аксенов айтқан екен. Театр өнерінің атасы Станиславский

де «Дұрыс сөйлеу дегеніміз көңіл көзімен суретті образ жасау», — деген болатын.

Әнуарбек Байжанбаев пен Сауық Жақанованы сөз еткенде дүниеден өткен ардагер аға-апаларымыз Мина Сейітова, Қатира Әзімбаева, Мәмбет Сержанов, Жәнел Асқарова, Мырзабек Қуатбеков, Марат Тоғатаев, Айман Ақшалаова, Омархан Қалмырзаевтың есімін ерекше атау жөн. Бұл дикторлар бірінен бірі өткен өз ісінің майталмандары, мықтылар еді. Әрқайсысы туралы жеке әңгімеге лайық дарынды жаңдар еді, марқұмдар...

Одан беріде Жаңыл Аяпбергенова, Ұлжан Пармашқызы, Зияда Бекетова, Раиса Аманбаева, Бүркіт Бекмағамбетов, Аманжан Серіков, Шолпан Байғабылқызы, Шолпан Ахметова, Нұрлан Өнербаев, Сайлау Нұрғазин, Сәуле Құрмантаева, Мариям Әлиасқарова, Ләззат Әбдіреова, Құрманғазы Дінасылов сынды дикторларымыздың еңбегі ұшан-теңіз еді. Ол кезде барлық хабарларды, әсіресе соңғы хабарды тек дикторлар ғана оқитын да, редакторлар мәтінін, әуенін дайындап беретін. Режиссер мен оператор хабар дайындап, әуе толқынына сапалы дүниелерді ғана жіберетін.

Күнде таңғы сағат алтыдан Қазақстан Гимнімен басталатын Қазақ радиосының әуе толқынынан осы аталған дикторлар бірінен соң бірі өз жұмыстарын бастайтын. Сондай әсерлі уақыттың бірін қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы, белгілі ақын Кеңшілік Мырзабеков былайша жырға қосқан екен. Бұл жыр диктор Сауық Жақановаға арналған